

зерттелуі Қазақстанның ерте темір дәуірін толықтыра түседі, сол кезеңнің мәдени және саяси құрылымдарын зерттеуге көмектесті.

Жалпы алғанда, сақ «Талды-2» ескерткіші ғылымға ежелгі мәдениеттің маңызды қырларын ашып беріп, археология, тарихи салаларында жаңа көзқарастар мен ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Осы орасан зор тарихи құндылығының арқасында «Талды-2» Қазақстан мен бүкіл Орталық Азия тарихы үшін ерекше маңызға ие.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бейсенов А.З. Орталық Қазақстан ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеудегі көміртегілік анықтамалар // Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «ХАЛЫҚ – ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Археологиядағы зерттеудің жаңа әдістері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ. – Алматы «Қазақ университеті» 2016. – 16 б.

2. Біләлова Г.Д б.з.д VII-VI ғғ Сарыарқадағы ерте сақ аң стилінің маңызды белгілері мен ерекшеліктері // Мәдени мұра ғылыми журнал. – Нұр-Сұлтан 2021. – 25 б.

3. Бейсенов А.З., Таиров А.Д., Зайков В.В., Блинов И.А. состав золотых изделий из могильника Талды 2 // «Сакская культура сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов степной евразии». – Караганда-2011 с. 21-25.

4. Бейсенов А.З. Арканың Алтын адамы // Мәдени мұра. 2014-2015 №4. 60-65 б.

Бейсенов Арман Зияденович, Китов Егор Петрович. Могильник Тасмолинской культуры Талды II в Центральном Казахстане (Краниологический анализ). – с. 72-76.

5. Бейсенов А.З. Сарыарқа далалық өркениетінің алтын бесігі // Мәдени мұра – Алматы, 2011. – 32 б. 13-22 б.

ТӘУКЕ ХАННЫҢ «ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» – ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҚТЫҢ НЕГІЗІ

Сапар Д.Н.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., профессор ассистенті Амрина М.С.
Академик.Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
Қарағанды қ.

“Жеті Жарғы”- Салқам Жәңгір ханның ұлы Тәуке ханның құрған заңдар жинағы. Қазақ қоғамына “Жеті Жарғы” заңдар жинағының енгізілуі үлкен реформа алып келді. “Жеті Жарғы” жинағында қазақ қоғамының құқықтық жүйесінің негізгі қағидалары мен нормалары дәстүрге тураланып бекітілген. Тарихшылардың пікірінше, “Жеті Жарғы” Тәуке хан алдында өмір сүрген билеушілердің жинақтары негізінде жасалған. Оған Шыңғысханның “Жасағы”, “Қасым ханның қасқа жолы” және “Есім ханның ескі жолы” заңнамалар жинағы үлгі бола алады.

Қоғам өміріне «Жеті Жарғы» заңдар кодексін әкелген Әз - Тәуке хан таққа отырған XVII-XVIII ғасырлар (1680-1716 жж.) тоғысында бұрынғы моңғол империясы тұсында ресми орда жазуы саналып келген көне ұйғыр-моңғол жазуы қазақ ордасы үшін әлде қашан қолданылудан қалған болатын. Аталған уақытта қазақ даласына шығыс мұсылман, парсы өркениеті арқылы батысынан араб алфавиті келді. Бірақ қазақ ордасының ерекшелігіне, орналасу жағдайы, саяси қарым-қатынастарына байланысты бұл жазу елдің өмірінің саяси қажеттігіне нақтылы еңбеген кезеңі еді. Себебі екі түрлі жағдайға байланысты болды. Ең алдымен қазақ мемлекеті ежелгі түркі мемлекет үрдісінен бастау алатындығына байланысты, мұнымен қоса қазақ хандары Шыңғыс әулетінен тарайтындығында да болды. Екіншіден бұл кезеңде елдің саяси өмірінде орыстардың тікелей қолпаштауына ие болған ойрат-моңғолдардың саяси ықпалының басымдылығымен тікелей баланысты. «Жеті Жарғының» араб әліпбиімен жазылуын жоққа шығаруға болмайды. Сонда да сөз болып отырған уақытта қазақ жері алғаш өмірге келген Ойрат тод (төте) жазуын қолдану мүмкіндігінде болды. Ойраттың тод үсәг жазуын Зая Бандида жоңғар билеушілерінің нұсқауымен 1648 жылы Шу өзенінің бойында қыстауда отырған Абылай тәйші ордасында өмірге әкелді. Оны Ойрат ғұламасы Зая Бандида және Ойғыр жазуын реформалау арқылы жасады

Қазақ қоғамында билік жүргізу мен заң шығару құқығының, әкімшілік басқарудың иесі, мұнымен қоса жеке билеушісі хан болды. Жүздерді кіші хандар билесе, ұлыстарды – сұлтандар басқарып, кейінірек билер қарап, руларды - ру ақсақалдары уысында ұстаған. Бұлайша билік үлгісі орныққан Қазақ қоғамы XVIII ғасырдың соңында ерекше бір тығырыққа тірелген жағдайды бастарынан кешірді. Нәтижесінде дәстүрлі қоғамның жаңа талаптарына сай икемдеуге ұмтылу олардың ішінен билеуші топтың мүдделеріне сай келетінін ғана заңдастыру, ескірген және талапқа сай келмейтін ережелердің орнына жаңасын, яғни талапқа дұрыс

келетіндігін енгізу сұрағы туындалды. Бұл «Жеті Жарғының» қабылдануы әбден мүмкін екендігін білдіреді [1, 24].

VI ғасырда Орталық Азиядағы көпшілік тайпалық одақтардың бірігуі негізінде Түркі мемлекетінің пайда болуы, оның іргесін салушы Бумын қаған мемлекеттің тұрақтылығын қоғам мүшелерінің азаматтық құқықтарын қорғаған заң нормасының баптары қытай деректерінен танымал. Түркі мемлекетінің ата заңы негізінен үлкен 7 баптан тұрды.

Тарихи дерек көздеріне қарағанда, бұл заңдар жинағын Күлтөбенің басында Төле би, Қазыбек би және Әйтеке билермен кеңесе отырып, құқықтық реформаны жүзеге асырған. Қазақ шежіресінде “Жеті жарғы” көбінесе “Күлтөбенің басында күнде кеңес” деген атаумен белгілі. М.Ж. Көпеев бұл туралы: “Күлтөбеде күнде кеңес” осы Өз Тәуке тұсында айтылған сөз. «Жеті Жарғыға» шариғат тікелей әсер еткенімен, олардың арасындағы өзіндік ерекшеліктердің бар екендігін де талдау барысында көруге болады. Отбасы заңдарының қағидаларында шариғат ережесіндегідей уақытша неке дегенге рұқсат берілмеген, дегенмен «әменгерлік» институты орын алған. Өз-Тәукенің жарғысы негізінен алғанда қазақ халқының, одан ертеректегі түркі дәуірінен сақталған тұрмыс-салт, әдет-ғұрып жүйесінің сабақтастығы десек орынды болады деп тұжырымдаймыз. Бұл жарғылар арқылы бекітілген құқықтық нормаларды қалыптасырып, елді сол нормалар арқылы билеген. Онда жер дауы, отбасы және неке заңы, қылмыс пен құн дауына, ұрлық-қорлық, тонаушылыққа және куәлік ету мен ант беру рәсімдеріне орай қалыптасып, тұжырымдалған қазақтың ұлттық әдеп-ғұрып заңдары көрініс тапқан.

«Жарғы» сөзі қазақша әділдік, шешім деген ұғымды білдірген. Түпкі мәні жарудан, нәрсенің салмағын бір жағына аудармай, дәл де әділ айырудан шыққан. Дауды әділ, тура шешкен билерді халық: «Қара қылды қақ жарған» деп мадақтайды. Ол заманда бас кетсе де әділ сөйлеген. Кейбір дерек көздерінде, бұл реформаның жасалу уақыты XVII ғасырдың соңғы жылдары деген болжамдар кездеседі. Себебі, бұл кезеңдерде Сырдариялық қалалар үшін аштархандықтармен және оңтүстік-шығыс жерлері үшін ойраттармен соғыс жүріп жатты. Бұған қоса, ел ішінде қарама-қайшылықтар болып, бытыраңқы қозғалыстар көбейді. Осы мәселелерді шешу мақсатында құрылған “Жеті Жарғы” жинағы ішкі жағдайды қалыпқа келтіре бастады.

Қазақ қоғамы Өз - Тәуке хан тұсында бір орталыққа бағынған мемлекет болды. Бұл уақытта елдің халықаралық жағдайы біршама тұрақтанды десек, елдің ішкі жағдайында ірі өзгерістер басталды. Мемлекеттік билікті нығайту үшін атқарылған шаралардың бірқатары қазақтардың әдеттегі құқық саласын жандандырумен байланысты болды. Әрине бұл Өз-Тәуке ханның ішкі саяси тұрақтылықты орнату барысында жасаған нақтылы саясаты болды. Тәукенің саясатын тереңірек зерделегенде, оның қайшылықтардан тұратындығын да байқауға болады. Нақтылы алып қарастырар болсақ, ел ішіндегі билікте дала аристократиясына сүйенсе, құқықтық заңдарында «ақ сүйектер» мен «асыл сүйек» әлеуметтік топтарының мүддесін қорғауға да айрықша көңіл бөлінген. Бұл арада саяси мақсат ретінде екі арадағы тепе-теңдікті сақтау болғандығы байқалады.

Мемлекеттік мәселелерді әрбір адам қаруымен қатысатын құрылтайда талқыланды. Тәуке билікті өз қолына алып, өзінің алысты болжағыш саясаткер екендігін елге таныта білді. Оның қолына ең маңызды көш – қоңысты белгілеп бөліп беру, алым – салық салу, сот ісі, қарулы күш т.б. қызмет түрлері жинақталды. Сыртқы жағдайды назарда ұстап, кәметке толғандарға 5 қарумен жүруді міндеттеген. “Жеті Жарғыда” қоғамда болатын барлық жағдайлар мен оған қолданылатын жаза түрлері қарастырылғандықтан, қоғамдық жағдаяттар жинақ арқылы шешіліп отырды. Қылмыстық құқықтық нормалар бойынша: кісі өлімі, қорлау, сабау, т.б. түрлер бойынша адамға қиянат қылған жағдайда, өлім жазасы немесе құн төлеу жазасы орындалды. “Жеті Жарғы” заңдар жинағының басқа заңдардан ерекшелігі - құн төлеу жазасы мен “қанға-қан, жанға-жан” қағидасының пайдалануы. Егер, қылмыскер ер адамды өлтірсе - 1000 қой, әйел адамды өлтірсе - 500 қой, ал сұлтандар мен қожаларды өлтірсе, 7 ер адамның құнын төлейтін болған. Сұлтанға немесе қожаға тіл тигізген адам 9 бас қой, ал қол жұмсаған адам 27 бас қой төлеу керек болды.

«Жеті Жарғының» қазақ қоғамының ислам дінінің енуіне орай қабылданған заңдық норма болғандықтан «Жасақпен» қайшы келетін тұстары да бар. Мысал келтірер болсақ, «Жасақ» бойынша басқа дінді қабылдауға рұқсат берілген болса, Өз-Тәукенің жарғысында ислам дінінен бас тартқандар жазаланған. Оған дәлел ретінде, К. Шүкірәлиевтің деректері келтіріледі: христиан дінін қабылдаған адамдардың дүние-мүлкі тәркіленген, адам Құдайға тіл тигізсе және оған жеті адам кәугер болса, оны таспен атып, масқаралап өлтірген. Сонымен қатар, “жасақта” кімде-кім әскери басшының табалдырығын басса, ол адам өлім жазасына кесілген. Ал қазақтарда табалдырықты басуға, отыруға тыйым салынған, қашанда жаман ырым деп саналған. Дегенмен, Шыңғысхан құрған заңдар жинағынан да “Жеті жарғыға” еніп, күні бүгінге дейін қазақ халқының салт - дәстүріне айналып кеткен қағидалар бар. Оған мысал ретінде, қонақ күткен үйдің иесі астың дәмін өзі татпайынша басқалардың асқа қол салуына тиым салынған. Мұндай әдет-ғұрып қазақтарда да қалыптасқан деседі. Бұған қазақтардағы «Ас иесімен тәтті» деген мақал айғақ бола алады. Сондықтан алдымен үй иесі астан дәм алу керек [2, 158].

Осыған орай қазақ қоғамында ислам дінінің ережелері Өз-Тәукенің жарғысында нақты әрі толығымен көрініс тапқан деп көрсетуге болады. Өз-Тәукенің жарғысына ислам дінінің заңдық белгілері - шариғаттың өзіндік ықпалы үлкен болды.

Оны заң жобасының көптеген ережелері дәлелдейді. Кейбір зерттеушілер «Жеті Жарғы» бойынша құн төлеудің өзі ислам діні арқылы енген деп тұжырымдайды және қазақтардың салт-дәстүр, әдет-құқық заңына тікелей әсер етті деуге болады. Шариғат ісі де халықтың алдында билер жүргізгендей ауызша жүргізілді. Қарыз

беру, қарыз алу жолдары, шариғат бойынша мұсылмандар үшін бір-біріне көмек қолын ұсыну жақсы нәрсе, сауапты іс ретінде есептелді. Мал сою, жол-жобаларға қатысты түсініктер, қазақтарға ұқсас малдың жанын қинамай алу, құнбатысқа қаратып «бисмиллаһир рахманир рахим» деп сою, мұраға қалдыру тәртібі, шариғат бойынша мұрагерлері болса, ер адамға толық берілуі және т.б. жоралғыларда ұқсастық орын алған. Жекеменшікке қол сұғушыларды жазалау шариғат заңы бойынша өлім жазасына немесе үш тоғыз айыппен теңестірілген. Осыған қарап Әз-Тәукенің жарғысына шариғат заңдарының қағидаларының да орын алғандығын көруімізге болады.

Денеге зақым келтіру де құн төлеу арқылы шешілген. Мысалы: бас бармаққа зақым келгені үшін - 100, шынашақ үшін - 20 қой төлеу белгіленген. Егер, адам ұрлық жасаса, ұрланған малдың немесе заттың құны “үш тоғыз” мөлшерінде өтелген. Ұрланған жылқы болса, жылқыға қоса түйе берген, ал қой ұрланса, жылқы қосып қайтаратын болған. Ұрлыққа қаталдықпен қарайтындығын, XIV ғасырда Қазақ жерінде болған мароккалық араб жиһанкесі Ибн-Бабут былай деп жазған: “Онда малды бақпайды, күзетші жоқ, өйткені олардың соттары ұрлыққа қатал қарайды. Олардың соты: кімнен ұрланған жылқы табылса, оны иесіне қайтартқызады және жылқының үстіне оның тоғыз есе құнын төлетеді. Егер, ол оны төлей алмаса, онда оның балаларын алады, егер де оның балалары жоқ болса, онда ұрының өзін қойша бауыздайды” [3, 43]7

“Жеті Жарғының” толық нұсқасы сақталмаған. Кей үзінділері К.Шүкірәлиевтің, Я.Гавердовскийдің, А.Левшиннің жазбаларында кездеседі. Ал Н.Гродеков, А.Чулошников тәрізді орыс ғалымдарының зерттеулері мен жинақ туралы айтқан ойларын Ә.Қайнарбайұлынан алынған нұсқаға сәйкес келеді.

Қазақ тарихын зерттеуде орыс тарихнамасын екі кезеңге немесе екі бағытқа бөлген жөн. Бірінші, қазақ жеріндегі отарлау саясатын жүзеге асыру барысындағы жазылған зерттеулер. Бұл еңбектерде қазақ даласының географиялық ерекшелігіне, орналасуы мен шаруашылығына қатысты мағлұматтар қарастырылды. Екіншіден, олар тұрмыс-салт дәстүрі тіршілігіне, фольклорлық байлығын жинастыруға, әдет-ғұрып заң жүйелеріне баса назар аударды. «Жеті Жарғы» ережелерін және қазақ халқының әдет-ғұрып ерекшеліктерінің жүйелерінің П.Е. Маковецкий, Н.И. Тродековтың, Д.Я. Самоковасов, Л.А. Словохотов, Г.Спасский, Я.И. Гурлянд, Я.Гавердовскийдің еңбектері мен мақалаларында кездестіреміз. Бұл аталған зерттеулердегі келтірілген мағлұматтардың біз үшін ең құндысы деп Г.И. Спасский, А.И. Левшин, Я.И. Гурлянд, Л.Ф. Баллюзек, П.Е. Маковецкий шығармалары мен зерттеулерін атап көрсетуге болады.

“Жеті Жарғы” заң жобасының құрылымы жағынан әр түрлі екі нұсқасы белгілі. Алғашқысын 1804 жылы Г.Н. Спасский зерттеп, Жаппас руының ақсақалы Көбек Шүкірәлиевтен жазып алып, 1820 жылы «Сібір хабаршысына» мақала ретінде жариялады. Г.И. Спасский он бір фрагменттен тұратын «Жеті Жарғыны» келтіре отырып, қазақ тұрмыс-салты жөнінде 1816 жылы өзі қатынасқан экспедицияға сипаттау жасады. Екінші нұсқасы қазақ тарихының білгірі А.И. Левшиннің зерттеулерінде орын алған. А.И. Левшиннің еңбегі үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі қазақ жерінің географиялық мәліметтері, екіншісі - қазақ халқының жалпы тарихы, үшінші бөлімі этнографиялық деректер. Мұнда «Жеті Жарғы» заң жобасының отыз төрт фрагменттік нұсқасы берілген. Жоғарыда аталған еңбектерде халық арасындағы «Жеті Жарғы» жобасының нұсқаларын сақтаушылардың бірі - Шантайұлы Молдидан деп көрсетілген. Ол 1846-1927 жылдары аралығында өмір сүрген атакты шежіреші, ақын әрі шешен болған. Одан кейінгісі Көлдейбекұлы Ерінбет. Бұл да ақын, шежіреші, 1844 жылы туылып, 1916 жылы қайтыс болған. Тағы бірі - Орманұлы Токболат, 1861 жылы туылып 1931 жылы дүниеден өткен. Ал осындай ақын-шежірешілердің деректерін жинап, оны халыққа жеткізген Қызылордалық шежіреші - Әлқуат Қайнарбайұлы. Қайнарбайұлы Әлқуат Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының тұрғыны, ол қазақтың әдет-ғұрып, салтының тарихын жақсы білетін, ескіше сауаты бар маман. “Жеті Жарғы” заң ережелерінің ең көне бір нұсқасы Қызылордалық Ералы Саққұлақ (1846-1932 жж.) шешеннің жазбаларынан табылған. «Жеті Жарғының» бұл нұсқалары Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының кітапханасындағы қолжазбалар қорында бар. Мұнда берілген нұсқалар зерттеушілердің пікірінше дәл Әз-Тәуке ханның «Жеті Жарғысының» түп нұсқасы емес. Себебі, уақыт өте келе оларға өзгеріс енгендігі оның баптарынан анық көрінеді [4, 15].

Мазмұны жағынан «Жеті жарғы» үш бөлімнен тұрады: біріншіден, қазақтың ежелгі әдет - ғұрып заңдарын қамтыған «Қасым ханның қасқа жолына» негізделген, екіншіден, одан соңғы өзгерістер, соның ішінде «Есім ханның ескі жолына» негізделсе, үшіншіден, Тәуке ханның дәуіріне, саясатына сай енгізілген жаңалықтар.

«Жеті жарғы» жеті заңнан құралды :

1. Жер дауы заңы
2. Отбасы - неке заңы
3. Әскери заң
4. Сот заңы
5. Қылмысты істер заңы
6. Құн заңы
7. Жесір дауы заңы

Сөйтіп, «Жеті жарғының» біздің заманымызға дейін жеткен заңдар осындай еді. Осы заңдар ішіндегі біздің заманымызға дейін жеткен сот ісі мен қылмыс заңы туралы тармақтар. Ә.Қайнарбайұлының дереккөздеріне қарағанда, “Жеті Жарғы” жинағындағы қылмыс бөлімінде төмендегідей жарғылар болған. Олар:

1-жарғы. Көтеріліс жасаған, ереуілдерге шығып, бүлік шығарып, мүліктерге нұқсан келтірген адамдарға өлім жазасы бұйырылсын.

2-жарғы. Елін сатып, опасыздық көрсеткендер өлім жазасына бұйырылсын.

3-жарғы. Мемлекет ішінде жазықсыз адамдарды өлтірген адамдарға өлім жазасы бұйырылсын.

4-жарғы. Ақ некесін бұзып, бөтен әйелмен зинақорлық жасап, нәпсісін тыя алмаған адамдарға өлім жазасы бұйырылсын.

5-жарғы. Тұсаулы тұрған сәйгүлік атты ұрлаған адамға өлім жазасы бұйырылсын.

6-жарғы. Төбелесте мертігудің түріне қарай құн төленсін:

1) біреудің көзін шығарған адам құн ретінде қызын береді, егер, қызы жоқ болса, қалың мал төлейді.

2) Төрт мүшенің бірін мертіктірген адам құн ретінде ат береді.

7-жарғы. Ұрланған зат, жылқы үшін он есе артық айып төленсін. - делінген.

Жарияланған тәртіп қатаң түрде сақталып, оны бұзған адамдар қатаң түрде жазаланды. “Жеті жарғыда” барлық нормалар егжей-тегжейлі жазылғандықтан, халықта ешқандай сұрақ туындамады. Хан бекіткен заңдарды сақтап, ешқандай ішкі бүлік шығармай, мемлекеттің тұтастығын сақтау олардың басты ережесі болды. Бұндай жарлықтардың көптеген түрі болған деседі. Ішкі тәртіпті қалыптастыру мен сыртқы қауіпсіздікті сақтауға бағытталған заңнамалар жинағы кей деректерде 19 ғасырларға дейін пайдаланылып келген [5, 43]. Жинақ арқылы көптеген дау-дамайлар шешіліп, әділдік орнатып отырды. “Жеті Жарғыдан” кейін атаулы заңдар жинағы жасалмағандықтан, “сол замандарда ол өзінің функциясын нақты орындап, халықты қанағаттандырған” деген ойға келуге болады. Сот пен қоғамды байланыстыра білген бұл жинақ сол замандағы хандықтарға үлгі болды. Тауке хан тұсында өркендеген Қазақ хандығы тарих сахнасында талай белестерді бағындырды. “Жеті Жарғы” заңнамасына қарап жасалған біздің Конституциямыз да бірлік пен татулыққа және ережелерді сақтауға шақырады.

Айтылғандардың барлығы Әз-Тәукенің «Жеті жарғысы» – дала демократиясының озық үлгісі, мемлекеттік құқық пен сот билігінің алтын арқауы болғанының дәлелі екені даусыз.

Қорытындылай келсек, “Жеті Жарғы” жинағы қазақ хандығы тарихындағы үлкен реформалардың бірі. Саясат пен құқық нормаларын біріктірген бұл заңнама арқылы мемлекет өзінің тұтастығын сақтап қалды. Сыртқы қауіпсіздіктің ішкі тәртіптен басталатынын анық түсінген Тәуке хан өзінің ел басқару уақытында үлкен өзгеріс жасады деп ойлаймын. “Қасым ханның қасқа жолы”, “Есім ханның ескі жолы”, “Әз-Тәукенің жеті жарғысы” Қазақстанның тәуелсіздігін алып, оның бекітілген заңнамалар жинағы - Конституциямыздың жазылуына арқау болды. Ұлы тұлғалар жасаған ұлы істер әрқашан тарихта қалатын жетістіктер.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Артықбаев Ж.О. «Жеті жарғы» мемлекет және құқық ескерткіші (зерттелуі, деректер, тарихы, мәтіні). Оқу құралы. - Алматы: Заң әдебиеті, 2006. - 150 б.

2 Мажитова Ж.С. Хандық билік жүйесіндегі билердің орны мен рөлі Ресейдің ресми тарихнамасы көзқарасымен (XVIII–XIX ғғ. бірінші жартысы) // Отан тарихы. 2014. 157–165 бб.

3 Мажитова Ж.С. Ежелгі билер соты: мәселенің ресейлік революцияға дейінгі тарихнамасы (XIX–XX ғғ. басы) // Вестник КазНУ. Серия истор. 2015. № 1(76). С. 42–49.

4 Оразбаева А.И. Қазақ қоғамындағы билер институты; тарихи бастаулары, орны және рөлі; (XVIII ғ.); тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған авторефераты. – Алматы, 1998. – 28 б.

5 Телеуова Э.Т. Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығының саяси, әлеуметтік және экономикалық ахуалы. Алматы: Санат, 1999. – 230 б.

ИСТОРИЯ ВЫЯВЛЕНИЯ И ИЗУЧЕНИЯ ГЕОГЛИФОВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА: К ПЕРСПЕКТИВЕ ПРИМЕНЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Тебаев Д.Б

Научный руководитель: м.г.н. Ә.Б. Мәкен

danieltebaev4@gmail.com

г. Караганда

Геоглифы Республики Казахстан являются неотъемлемой частью историко-культурного наследия. Согласно действующим законом Республики Казахстан от 26 декабря 2019 г. об охране и использовании объектов историко-культурного наследия [1]. Исследования, проводимые с целью изучения геоглифов, обязаны учитывать инновации, связанные с технологическими реалиями, в том числе искусственным интеллектом.

Огромные фигуры, называемые «геоглифами», построены в промежутке финала бронзы и первыми веками нашей эры [2, с. 89]. Эти огромные объекты привлекали внимание исследователей не только в XXI в., но